

2009 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін қала кәсіпорындары, ұйымдары, мекемелерінің тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Балқаш қаласының әкімдігінің 2009 жылғы 15 қаңтардағы N 02/02 қаулысы. Қарағанды облысы Балқаш қаласы әділет басқармасында 2009 жылғы 28 қаңтарда N 8-4-132 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қарағанды облысы Балқаш қаласы әкімінің 2014 жылғы 31 қаңтардағы № 4-13/140 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қарағанды облысы Балқаш қаласы әкімінің 31.01.2014 № 4-13/140 хатымен).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын және "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қаулысымен бекітілген қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландырудың Ережесіне сәйкес, жұмыссыздарды уақытша жұмыспен қамту және олардың табыс табуы үшін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырудың тиімділігін арттыру, кедейшілікті болдырмау, жұмыссыздық ауқымы мен деңгейін қысқарту мақсатында, Балқаш қаласының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. 2009 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін қала кәсіпорындары, ұйымдары, мекемелерінің тізбесі бекітілсін (қосымшаға сәйкес).

2. "Балқаш қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" Мемлекеттік мекемесіне (әрі қарай ММ) (Қ.Қ. Адамова):

1) бекітілген тізбе бойынша қоғамдық жұмыстар жүргізу үшін кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелермен қоғамдық жұмысқа жіберілген жұмыссыздардың еңбекақы мөлшері, қаржыландыру көздері және жұмыс түрлері мен нақты жұмыс шарттары көрсетілген келісім-шарттарға отыруды іске асырсын;

2) 2009 жылы қалалық бюджеттен бөлінген қаражат көлемінде және қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдар тізбесіне сәйкес жұмыссыздарды қоғамдық жұмысқа жіберуді іске асырсын;

3) қоғамдық жұмысқа жіберілген жұмыссыздардың еңбекақысын төлеуді екінші деңгейдегі банктердегі жұмыссыздардың өз есеп шоттарына аудару

арқылы жүзеге асырсын;

4) қоғамдық жұмысқа жіберілген жұмыссыздардың еңбекақылары ең төменгі төлемақы мөлшерінде төленсін;

5) "Қалалық коммуналдық шаруашылық" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына қоғамдық жұмысқа жіберілген жұмыссыздарға ең төменгі еңбекақы мөлшерінің екі есе көрсеткішінде төленсін.

3. "Балқаш қаласының қаржы бөлімі" ММ (Ж.Қ. Томпиева): бекітілген бюджетке сәйкес қаржыландыруды іске асырсын.

4. Балқаш қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 25 желтоқсандағы N 44/03 "2009 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін қала кәсіпорындары, ұйымдары, мекемелерінің тізбесін бекіту туралы" қаулысы жойылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Людмила Мырзахметқызы Түкбаеваға жүктелсін.

6. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енеді.

Балқаш қаласының әкімі Қ. ТЕЙЛЯНОВ

Балқаш қаласы әкімдігінің
2009 жылғы 15 қаңтардағы
N 02/02 қаулысына қосымша

2009 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін қала мекемелері, кәсіпорындары мен ұйымдарының тізімі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Балқаш қаласының әкімдігінің 2009.03.05 N 09/01 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

| N | Мекемелер мен ұйымдар, кәсіпорындар атаулары | Жылдық адам саны | Жұмыс түрлері |
|---|---|------------------|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | "Балқаш қаласының ауыл шаруашылық бөлімі" Мемлекеттік мекемесі (әрі қарай ММ) | 10 | Жеке меншік мал басы, үй жануарлары, кесебінің кітабын жүргізу |
| 2 | "Балқаш қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" ММ | 45 | Әскери қатарға тіркеу және шақыру қағаз тарату |
| 3 | Сот орындаушыларының Балқаш аумақтық учаскесі | 21 | Атқару бойынша іс-қағаздар хабарламалар тарату |
| 4 | "Балқаш қаласының жер қатынастары бөлімі" ММ | 9 | Құжаттарды тіркеу, хаттар мен сұраныстар жүзеге асыру жұмысы |
| 5 | "Балқаш қаласының статистика бөлімі" ММ | 28 | Курьерлік жұмыс, құжаттарды тіркеу |
| 6 | Зейнетақы төлеу жөніндегі Мемлекеттік орталығының Қарағанды облыстық филиалы Балқаш қалалық бөлімшесі | 11 | Мұрағаттық құжаттармен жұмыс, зейнеткер ескертпелер тарату, құжаттарды реттеу |

| | | | |
|----|---|-----|--|
| 7 | "Балқаш қаласының Гүлшат кенті әкім аппараты" ММ | 30 | Кентті көркейту, тазарту жұмыста ауылшаруашылық жұмыстары |
| 8 | "Балқаш қаласының Қоңырат кенті әкім аппараты" ММ | 39 | Кентті көркейту, тазарту жұмыста ауылшаруашылық жұмыстары |
| 9 | "Балқаш қаласы бойынша салық комитеті" ММ | 25 | Салық төлеу туралы ескертулерді тар объектілерге есеп жасау |
| 10 | "Қалалық коммуналдық шаруашылық" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны | 172 | Қаланы көркейту, тазарту, көгалданд жұмыстары |
| 11 | "Балқаш қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ | 41 | Тұрғын-үй жағдайларын тексеру актісін ж құжаттарды тіркеу, әлеуметтік жұмыскерл көмек көрсету |
| 12 | Балқаш қалалық прокуратурасы | 10 | Курьерлік жұмыс, мұрағаттық құжаттармен ж |
| 13 | "Балқаш қаласының Саяқ кенті әкім аппараты" ММ | 23 | Кентті көркейту, тазарту жұмыстары |
| 14 | Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті басқармасының Балқаш қалалық инспекциясы | 10 | Курьерлік жұмыс, мұрағатты құжаттармен ж |
| 15 | "Балқаш қаласының кәсіпкерлік бөлімі" ММ | 10 | Ақпараттар жиынтығын құру, мұрағат құжаттармен жұмыс |
| 16 | "Балқаш қаласының әкім аппараты" ММ | 15 | Курьерлік жұмыс, құжаттарды тіркеу, қос жұмыстарды атқару |
| 17 | "Балқаш қаласының мамандандырылған әкімшілік соты" ММ | 20 | Хабарлама қағаздарын, ескертулерді тарату |
| 18 | "Балқаш қаласының сәулет және қала құрылыс бөлімі" ММ | 9 | Курьерлік жұмыс, мұрағаттық құжаттармен я жасау |
| 19 | "Балқаш қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жолаушы көлігі және автокөлік жолдары бөлімі" ММ | 35 | Диспетчерлік жұмыс, тұрғын-үй комиссияс құжаттарды тіркеу |
| 20 | "Қарағанды облысы ішкі істер департаменті Балқаш қаласының ішкі істер бөлімі" ММ | 66 | Құжаттарды реттеу, журналдарды толтыру, және шығыс құжаттарын тарату, қоғамдық тә қорғау жұмыстарына көмек |
| 21 | "Балқаш қаласының ішкі саясат бөлімі" ММ | 10 | Курьерлік жұмыс, құжаттарды реттеу, мәлім жинағын даярлау |
| 22 | Балқаш қалалық соғыс және еңбек ардагерлерінің кеңесі | 5 | Бөлімде қосалқы жұмыстарды атқару, курь жұмыс |
| 23 | "Балқаш қаласының құрылыс бөлімі" ММ | 5 | Курьерлік жұмыс, мұрағаттық құжаттармен я жасау |
| 24 | Мүгедектер қоғамы Балқаш қалалық бірлестігі | 49 | Әлеуметтік жұмыскерлер |
| 25 | "Балқаш қаласының әділет басқармасы" ММ | 25 | Мәліметтер парағын реттеу, мекемелер ұйымдардан сұраныс жасау |
| 26 | "Балқаш қаласының спорт бөлімі" ММ | 5 | Курьерлік жұмыс, шараларды өтізуде көмек |
| 27 | "Балқаш қаласының балалар ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны | 10 | Мейрімділік бикесі |
| 28 | "Қазақавтожол" Республикалық Мемлекеттік кәсіпорны Қарағанды облыстық филиалы | 46 | Республикалық маңыздағы жолдарды таз жұмыстарына көмек көрсету |
| 29 | "Балқаш қалалық мемлекеттік мұрағаты" ММ | 5 | Мұрағаттық құжаттармен жұмыс |
| 30 | "Балқаш қаласының білім бөлімі" ММ соның ішінде қалалық жалпы білім беру мектептері | 80 | Мұрағаттық құжаттармен жұмыс жас мектептерде тәрбие жұмыстарын атқай көмектесу, қоғамдық тәрбиеші |

| | | | |
|----|--|------|---|
| 31 | "Балқаш қалалық балалар үйі" ММ | 5 | Балалардың бос уақытын өткізуде көмек |
| 32 | "Балқаш қаласының N 1 емханасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны | 10 | Мейрімділік бикесі |
| 33 | "Балқаш қаласының N 3 емханасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны | 10 | Мейрімділік бикесі |
| 34 | "Балқаш қаласы бойынша экология департаменті" ММ | 5 | Бөлімдегі қосалқы жұмыстар |
| 35 | "Балқаш қаласының N 2 кәсіптік лицейі" ММ | 4 | Қоғамдық тәрбиеші |
| 36 | "Балқаш қаласының кәсіптік лицейі" ММ | 4 | Қоғамдық тәрбиеші |
| 37 | "Балқаш қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" ММ | 30 | Мәдени іс-шараларды өткізуде көмек, таз жұмыстарын атқару |
| 38 | "Қоңырат кентінің дәрігерлік амбулаториясы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны | 20 | Диспетчерлер, науқастармен жұмыс жасап көмек көрсету |
| 39 | "Ет комбинаты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 30 | Күзетшілік қызмет, азық-түлік өнімдерін с көмек жасау |
| 40 | "Балқаш қалалық түберкүлезге қарсы диспансері" ММ | 5 | Тіркеуші, диспансердегі қосалқы жұмыстар атқару |
| 41 | "Балқаш қаласының түберкүлезге қарсы балалар шипажайы" ММ | 5 | Тәрбиеші жұмыстарына көмекші |
| 42 | "Балқаш қаласы қан орталығы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны | 3 | Құрылыс-өңдеу жұмыстары, орталықта қос жұмыстар |
| | Барлығы: | 1000 | |